

БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

Мен және табиғат. К дыбысы мен әрпі

ЖАРИЯЛАНДЫ
18.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/24398/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Танбаева Гулзера**Сыныбы:** 1 «И» сынып**Пәні:** сауат ашу.**Сабақтың тақырыбы:** Мен және табиғат. К дыбысы мен әрпі.**Сабақтың мақсаты:** 1. К дыбысы және әрпімен таныстыра отырып, дауыссыз дыбыс екенін ұғындыру, сауатты жазуға, дыбыстық талдау жасай білуге үйрету.

1. Оқу, жазу, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Сөздік қорын, сөйлеу мәнерін, байланыстырып сөйлеу дағдыларын байыту.

1. Әсемдікке, еңбекқорлыққа, өзара жағымды қарым-қатынасқа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: жаңа білім беру сабағы.**Сабақтың типі:** аралас сабақ.**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, әңгімелеу, түсіндіру, тадау.**Сабақтың көрнекілігі:** суреттер, сөздер, әріптер, кітап, тақпақтар, жұмбақтар.**Пәнаралық байланысы:** өзін өзі тану, қазақ тілі.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

-түгендеу;

-сабаққа дайындықтарын тексеру;

1. Психологиялық дайындық.

Амансың ба, алтын күн!

Амансың ба, көк аспан!

Амансың ба, достарым!

Жалқаулықты тастайық,

Сабағымызды бастайық.

II. Өткен сабаққа шолу.

1. «Миға шабуыл» стратегиясы.

-Дыбыс деген не?/естіміз, айтамыз/

-Әріп дегеніміз не?/көреміз, жазамыз, айтамыз/

-Дыбыс нешеге бөлінеді?/дауысты, дауыссыз/

-Дауысты дыбыстар қалай айтылады?/созылып/

-Дауыссыз дыбыстар қалай айтылады?/қысқа/

1. Үй тапсырмасы: 64 беттегі мәтінді оқу.

2. Балалар, бізге бүгін қонаққа Қожанасыр келіпті. Қожанасыр деген кім ?

-Қожанасыр, балалар, әңгіме-ертегілердің күлдіргі кейіпкері.

Қожанасыр өзімен бірге көп тапсырмалар ала келіпті. Бірінші тапсырманы орындап көрейік.

Балалар, Қожанасырдың қоржынында әріптер бар. Сол әріптерді атап, қандай дыбыс екенін айтып беріңдерші./А,Р,О,Л,Ш,С,У,Ы,Д,Т,М,Н,Ң,Ғ,Ж,І,Ә,Ө,Қ/.

Жарайсыңдар, балалар, енді мына Қожекеңнің қоржынындағы екінші тапсырманы көрейік. Мына сөздерге талдау жасап көрейік.

Қанат, тамақ, шанышқы, қуырдақ, қатық.

III. Жаңа сабақ.

-Ал, балалар, енді бізге қонаққа Алдар Көсе келіпті. Алдар Көсені танысыңдар ма? Қайдан?

Алдар Көсе, балалар, қазақ ертегілерінің ақылды айлакері, яғни ол байларды, сараң адамдарды өз ақылдығымен алдайды.

Алдар Көсенің де өзімен бірге әкелген тапсырмалары бар екен. Алдар Көсенің қоржынында не бар екенін көрейік.

Мұғалім:

Табасың көріктен, көліктен,

Ағаш басындағы өріктен.

Қай әріп екен ол,

Ойланып көрші сен?/К/.

- Олай болса, балалар, бүгінгі бізге келетін жаңа әріп К дыбысы мен әрпі.

1/ К деп 3 рет айтамыз.

2/ К қандай дыбыс?

3/ Оны қайдан білдіңдер? Неге?

4/ Мына суретте берілген сөздерді атау, неше буыннан тұрып, К әрпі қай буында тұрғанын айту. Оларға дыбыстық талдау жасау. /Неше буын, неше дауысты, неше дауыссыз К әрпі қай буында тұр/.

5/Енді, балалар, К әрпінен басталатын сөздерді өздерің айтып көріңдерші.

6/К әрпінің баспа, жазба түрлерімен таныстыру.

7/К әрпі қандай әріпке ұқсайды?

IV. Сергіту сәті.

Қоян шықты далаға,

Жан-жағына қарады.

Секірді, жүгірді,

Отырды, тұрды.

Қайтіп үйіне кірді.

V. Жазба жұмысы.

- Сонымен, балалар, К әрпінің мынау баспа түрі, ал мынау жазба түрі. Енді К

әрпін әдемі етіп жазайық.

ҮІ. Оқулықтың екінші бетімен жұмыс.

- Балалар, оқулық қалай аталады?
- Иә, дұрыс айтасыңдар «Әліппе».
- Балалар, бізде Қожанасыр мен Алдар Көсеге дайындаған тосынсыйымыз бар ғой. Айтайықшы бәріміз. /Әліппе туралы тақпақ хормен айтылады/.

Іші толы әріпке,

Жақсы кітап әліппе.

Әліппені аламыз,

Мектепке біз барамыз.

Әріптерді жаттаймыз,

Есте мықты сақтаймыз.

Ұмытпаймыз бірін де,

Атын, затын түрін де.

1. «Көл жағасында» мәтінінің 1 абзацын тізбектеп оқып. Кісі аттарын атау, неге олар кісі аттары екенін анықтау және қандай әріптен басталатынын айту.
2. *Та са ла шыл шын сыр тақ ға* буындарымен сөздер құрастыру.

- Ал сендер, балалар, білесіңдер ме Қожанасыр мен Алдар Көсе бізге қонаққа не үшін келгендерін? Білмесеңдер, мен сендерге көмектесейін. Қожанасыр қандай әріптен басталады? Ал Алдар Көсенің қандай қатысы бар? Өйткені, бұл ертегі кейіпкерінде К деген әріп бар.

- Абай
- *Қызыл, сары, қоңыр, көк,*
- *Алуан-алуа көбелек,*
- *Торға түсіп қалмашы,*
- *Торғайға жем болмашы.*
- Ақбөпе
- *Көкем- менің тірегім,*
- *Көкем сүйер түлегін:*
- *Көп жұмысын оырндап,*

- *Көмекші боп жүремін.*
- *Қабат-қабат қатпаршақ,*
- *Ақыл айтар ақтарсақ./кітап/*
- Армангүл
- *Кітап-досым сыр алғы,*
- *Көрсетеді көп тегі.*
- *Кейіпкерлер ұнамды*
- *Көкейімнен кетпеді.*
- Тілеген
- *Көктем, керік,кереге,*
- *Көз, кесе, мереке*
- *К әрпінен басталар,*
- *Деп жазсаң да, балалар.*

ҮІІ. Қорытынды.

-Қандай әріп өткенімізді сұрап,дауысты, не дауыссыз екенін анықтау.

-Ал бүгінгі сабақта қандай мәтінмен таныстық?

-Жаттауға берілген тапсырмаларын сұрау.

ІХ. Бағалау.

- Балалар, сендер бүгін Қожанасырды да Алдар Көсені қуанттыңдар, өйткені сендер өткен сабақта өткен Қ дыбысы мен әріпті ұмытпай, К дыбысы мен әрпін меңгергендерің үшін бұл кейіпкерлер сендерді бағалады.

ҮІІІ. Үйге тапсырма.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.